**2022 жыл қаңтар айы**
**Өтпелі тақырып: «ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ»**

**Мақсаты:** Балалардың тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін кеңейту. Тілді игеру және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыра отырып, эстетикалық талғамдарын дамыту, қоршағанортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу

| **Тақырыпша** | **«Денсаулық»-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Коммуникация-1**<br>Сөйлеуді дамыту-0,5<br>Көркем әдебиет -0,5 | **Таным- 2**<br>Сенсорика-0,5<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | **Шығармашылық- 3**<br>Сурет салу-1,<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25;<br>Музыка – 1,5 | **Әлеумет-0** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-апта | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>1.Бір қалыпты жүру. Бір орында тұрып бірқалыпты секіру.<br>**Қимылды ойын**: «Ормандағы аю»<br><br>2.Бір қалыпты жүгіру. Қар түйіршіктерін себетке лақтыру.<br>**Қимылды ойын**: «Себетке жина»<br><br>3. Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу. Жиектері шектелген тура жолақпен жүру.<br>**Қимылды ойын**: «Кім жылдам?» | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» (ертегі)**<br>**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнын түсінеді және кейіпкерлердің бейнелерін ойындарда қарапайым түрде бейнелей алады. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы: Түрлі -түсті моншақтар»**<br>**Мақсаты:**Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады. Көлемін, түсін, пішінін білдіретін сөздерді түсінеді.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Өсімдіктер әлемі»**<br>**Мақсаты:** Өсімдіктерге қамқорлық көрсетеді және ағаш, шөп, гүл сөздерін дұрыс қолданады. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Шуақты күн»**<br>**Мақсаты:** Қағаз бетін бағдарлап,саусақтарын бояуға малып сызықтар сала алады.<br><br>**Музыка-2 сағат**<br>**Тақырыбы: «Жасыл шырша»**<br>**Мақсаты:** Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілетін қалыптастыру. Қатты және жай динамикада ән салып үйрену.<br>**Ән тыңдау**: «Шыршамызға арнаймыз»<br>Е.Тиличеева<br>Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Шыршамызды безендірейік» | Қоршаған ортаны тани білуге, оларға күтім жасауға үйрету. |
| 2-апта | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>1.Берілген бағыт бойынша аяқтың ұшымен жүру. Аланда шашырап жүгіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қысқы ерекшеліктер»**<br>**Мақсаты:** Балалар қарапайым сұрақтарға жауап беріп, суретте бейнеленгендер туралы | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Қар жауып тұр»**<br>**Мақсаты:**Балалартабиғат құбылыстары жайында біледі және қиылған дөңгелектерден қар жауып | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қардағы іздер»**<br>Мақсаты: Қағаз бетін бағдарлайды және қылқаламмен дақ түсіріп із қалдыра алады. | Балаларды жануарларға деген сүйіспеншілікке баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын**: «Түлкіні ұстап алайық»<br>2.Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру.<br>Кедергілі жазықтың бетімен нысанаға дейін еңбектеу.<br>**Қимылды ойын**: «Ақ қоян»<br>3.Қар түйіршіктерін себетке лақтыру.<br>Еңіс тақтайдың үстімен жүру.<br>**Қимылды ойын**: «Қарды нысанаға лақтыру» | әңгімелеп бере алады. | тұрған бейнені құрастыра алады.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Үй жануарлары және оның төлдері»**<br>**Мақсаты**: Суреттен жануарларды тауып, олардың сипаттық ерекшеліктерін атайды (Сиыр,қой, ешкі, жылқы, түйе) | **Музыка**<br>**Тақырыбы:«Жануарлар әлемінде»**<br>**Мақсаты:** Әндегі жеке сөздерді дауысты жылдамдатпай айтуды қалыптастыру. Ән-би мазмұнын қимылмен жеткізу.<br>**Ән тыңдау**: «Төлдер» Б.Ғизатов<br>**Әуенді-ырғақты қимыл-ойын:**<br>«Не қалай дыбыстайды?»<br>**Жапсыру Тақырыбы:** "Тышқанның іні"<br>**Мақсаты:**Тышқанның мекені туралы біледі және Фланелеграфта тышқанның дене бөліктерін дұрыс орналастырады. | |
| 3- апта | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>1.Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасай жүру.<br>Доптарды бір-біріне домалату.<br>**Қимылды ойын**: «Допты қуып жет»<br>2. Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүру.<br>20 см арақашықтықта орналасқан | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Қыс»**<br>**Мақсаты:**Қысқы табиғат өзгерістерін атайды және сурет бойынша (кім, не, не істеді) сұрақтарына жауап береді. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы «Тауық және оның балапандары»**<br>**Мақсаты:**Тауық пен оның балапандарының атауларын ажыратады және оларды топтастыра алады<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Құстар»**<br>**Мақсаты:**Аулаға ұшып келетін құстарды(Торғай, қарға, | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «**Өз ойларымен сурет салу»<br>**Мақсаты:**Балалар ересектермен бірге әрекет етуге қызығушылық танытады және бояулар мен жұмыс жасай алады.<br>**Музыка -2 сағат**<br>**Тақырыбы:«Құстар-біздің досымыз»**<br>**Мақсаты:** Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Ән тыңдау: «Торғай» Қ.Қайым | Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таспалардан аттап өту.<br>**Қимылды ойын**:<br>«Жалаушаға дейін жет»<br><br>3. Орнынан ұзындыққа секіру.(20-25 см)<br>Бір және екі қолымен допты еденге ұру.<br>**Қимылды ойын**:<br>«Көпірден өт» | | көгершін)ажыратып, атай алады. | **Әуенді-ырғақты қимылды ойын:**«Шөжелерім»<br>Азербайжан халық әні | |
| 4-апта | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>1.Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде ).<br>Допты екі қолмен төменнен лақтыру.<br>**Қимылды ойын**:<br>«Қарды домалат»<br><br>2. Белгі бойынша шашырап жүгіру.<br>Арқанның астымен еңбектеу.<br>**Қимылды ойын**:<br>«Аққалаға дейін еңбекте»<br><br>3. Түзу бағытта заттарды аттап өту.<br>Допты жоғары лақтыру.<br>**Спорттық іс-шара**:<br>«Шынықсаң шымыр | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Құстар»**<br>**Мақсаты:** Балалар құстар жайлы сұрақтарға жауап береді және дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алады. | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Құс»**<br>**Мақсаты:**Қағазбен жұмыс істеудің бірлескен қарапайым тәсілдетін біледі және қиылған қағаздан бейнені көре алады.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Үй құстары»**<br>**Мақсаты:** Балалар үй құстарын таниды және өзіне тән ерекшеліктерін атайды. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Жапалақтап қар жауды»**<br>**Мақсаты:** Тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізу арқылы парақ бетіне қардың бейнесін орналастырады.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Қыс»**<br>**Мақсаты:** Көңілді шат-шадыман музыка тыңдауға, естуге ынталандыру.<br>Қимылдық ойын арқылы ән айту<br>**Ән тыңдау:** «Ақша қар»<br>К.Қуатбаев<br>Ән айту: «Ай-ай қысым-ай»<br>А.Еспенбетова<br>**Әуенді-ырғақты қимыл-ойын:**<br>«Аққаланы құрастыр»<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Күн»**<br>**Мақсаты:**Ермексазды алақан | Өздеріне қызмет көрсету дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | боласың!» | | | арасына салып домалатып илей алады.<br>Мүсінделген пішіндерді өзіне таныс заттармен салыстырады. | |